

Ақорда

Өзара сенім мен ынтымақтастық рухын күшейту маңызды

Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия мемлекеттері басшыларының және Еуропалық Кеңес Президентінің кездесуіне қатысты. Қазақстан Президенті жиында сөйлеген сөзінде Орталық Азия елдері мен Еуропалық Одақ арасында орнаған дипломатиялық қатынастардың 30 жылдығы қарсаңында өтіп отырған осы кездесудің символдық мәні бар екенін атап өтті.

Еуропалық Одақ Орталық Азияны терең тарихи мен ортақ мәдениеті бар біртұтас, ынтымағы жарасқан аймақ ретінде алғашқылардың бірі болып танығанын айтып келеді. 30 жыл ішінде біздің Еуропалық Одақпен қарым-қатынасымыз айтарлықтай дамыды және Орталық Азия мемлекеттерінің егемендігін, тәуелсіздігін мен территориялық тұтастығын нығайтуға ықпал етті. ынтымақтастықтың барлық басым саласында өңіраралық диалог орнады, әлеуетіміз өлі де мол. Бүгінгі жоғары деңгейдегі кездесу – саяси, экономикалық және гуманитарлық салалардағы конструктивті өзара байланыстарды одан әрі кеңейтуге деген ұмтылысымыздың айқын дәлелі, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Азия мен Еуропа құрлықтары шектесетін жерде орналасқан Орталық Азия геосаяси орталықтар мен әлемдік нарықтар арасындағы байланыстырушы көпір саналады. Сондай-ақ, Президент өңіраралық өзара ынтымақтастықты кең ауқымда дамытуға деген ұмтылыс Орталық Азия елдері мен Еуропалық Одақ арасындағы жан-жақты диалогтың берік іргетасы болатынына сенім білдірді.

Өлем жылдам өзгеріп жатыр. Орталық Азия бұрын-соңды болмаған геосаяси шиеленіс-



тен туындаған қауіпті сезінеді. Бүгінде Еуразия кіндігінде өзара сенім мен ынтымақтастық рухын күшейту өте маңызды. Осындай күрделі кезеңде Орталық Азия мен Еуропада орналасқан елдердің арасына қабырға емес, көпір салуымыз керек, – деді Қазақстан Президенті.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қазақстанның Ауғанстандағы жағдайды жан-жақты реттеуге қол жеткізуіне өз үлесін қосып отырғанын атап өтті. Осы мақсатта дипломатиялық күш-жігер жұмылдырылып, бұл елге гуманитарлық көмек жіберіліп жатыр.

Мемлекет басшысы сауда-экономикалық және инвестициялық іс-әрекетті ынтымақтастықтың аса маңызды бағыттарының бірі ретінде атап өтті. Бүгінде Еуропалық Одақ – Қазақстанның басты экономикалық әрі сауда серіктестерінің бірі.

Соңғы он жылда Еуропалық Одақ Орталық Азия мемлекеттеріне 120 миллиард доллардан астам инвестиция құйды. Бұл, іс жүзінде, аймаққа тікелей салынған инвести-

цияның 40 пайызын құрайды. Бүкіл қаржының шамамен 70 пайызы Қазақстанға бөлінді. Биыл 8 айда Қазақстан мен Еуропалық Одаққа мүше елдер арасындағы сауда көлемі шамамен 30 миллиард долларға жетіп, былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда 40 пайыздан астам артты. Қазіргі таңда еуропалық капиталдың үлесі бар үш мыңға жуық компания Қазақстан экономикасының түрлі секторларында жұмыс істеп жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, елдеріміз арасындағы сауда-саттықтың құрылымы анағұрлым теңгерімді болуы керек.

Қазақстан машина жасау, темір мен болат өндірісі, тамақ өнеркәсібі және ауыл шаруашылығы секілді салаларда жылына құны 1,5 миллиард долларды құрайтын 100-ден аса өңделген өнім ұсына алады. Азық-түлік қауіпсіздігінің келешегі мол. Өздеріңізге мәлім, жыл сайын шетелге, соның ішінде Еуропалық Одақ елдеріне 5 миллион тоннадан астам бидай экспорттаймыз. Тек былтыр Қазақ-

станның Еуропа елдеріне экспортталатын азық-түлік тауарларының көлемі 32 пайызға ұлғайып, 630 миллион доллардан асты. Осы себепті Қазақстан Еуропалық Одақ елдеріне ауыл шаруашылығы өнімдері мен минералды тыңайтқыштарды жеткізуді жалғастыра алады. «Жасыл» энергетика – бұл бөлек мәселе. Біз бұл бағытта да тығыз жұмыс істей аламыз. Жалпы, Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы ынтымақтастық жалғасатынына сенім білдіреміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар, кездесуде Еуропалық Кеңес Президенті Шарль Мишель, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев және Түркіменстан Министрлер кабинеті төрағасының орынбасары Ходжамұрат Гелдімурадов сөз сөйледі.

Жиын соңында Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары және Еуропалық Кеңес Президенті бұқаралық ақпарат құралдары үшін Бірлескен мәлімдеме қабылдады.

Өзекті мәселе

Мақта бағасы:

Үкіметке бірқатар ұсыныс жолданды

Түркістан облысында туындаған мақта мәселесін шешу мақсатында облыс әкімі Дархан Сатыбалдының төрағалығымен алқалы жиын өтті. Оған Сыртқы істер министрлігі, Инвестиция комитетінің төрағасы Ардақ Зебешев, Сауда және интеграция министрінің орынбасары Қайрат Төребаев, ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Бағлан Бекбауов, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаттары Қайнар Абасов пен Сырым Ертаев арнайы қатысты. Басқосуда жыл сайын қайталанатын өзекті мәселені шешудің бірнеше жолы ұсынылды.



Биыл мақта бағасы нақты белгіленбей әрі тұрақсыз болып, салдары осы саладағы агроқұрылымдардың наразылықтарын тудырды. Бұған мақта саласының шикізат күйінде экспортқа бағытталып, өңірде тоқыма-тігін кластерін дамыту тиісті деңгейде қолға алынбауы да себеп болуда. Аталған мәселе жылда қайталанатын. Осыған байланысты агроқұрылымдарды қолдап, мәселені жүйелі шешудің жолын қарастырған жөн. Біздің шаруалар шетелдік трейдерлік компанияларға тәуелді болып отыр. Бүгін бірінші кезекте осы саладағы барлық проблеманы талқылап, қорытынды жасау үшін жиналып отырмыз. Алдағы уақытта ұсыныстарды нақтылап, орталық үкіметтік орган басшыларын өңірге шақырамыз. Шаруалармен, мақта зауыты басшыларымен тағы да кездесеміз. Біз өңір шаруаларының өз жұмысын жүргізіп, отбасыларын асырауларына қолайлы жағдай қалыптастыруға мүдделіміз, – деді Дархан Сатыбалды.

Шитті мақта саласы тек шикізат күйінде экспортталатындықтан оның бағасы шетелдік трейдерлік компа-

нияларға тәуелді. Осыдан арылу мақсатында және шетелдік трейдерлік компаниялардан тәуелсіз жұмыс істеу үшін өңірде мақта кластерін дамытуды қолға алу қажет. Бұл мәселені Үкіметтің алдағы кезекті отырысының күн тәртібінде қарау үшін ұсыныс енгізілетін болады. Осыған орталық атқарушы органдарға бірқатар мәселелерді назарға алып, оң шешілуіне ықпал жасауы сұралды. Өйткені, мақта мәселесін тек облыс әкімдігі деңгейінде шешу мүмкін емес.

Елімізде мақта кластерін, жеңіл өнеркәсіп (тоқыма, тігін) саласын дамыту мақсатында «Мақта саласын дамытудың» мемлекеттік бағдарламасын қабылдау, инвестициялық субсидия арқылы мақта өндіру зауыттарын, қайта теріс өңдеуді, оның ішінде тоқыма, тігін фабрикаларын салу мен кеңейту, құрал-жабдықтарын алу, реконструкциялау жөніндегі жаңа паспорттың енгізіліп, инвестициялық шығынды 50% өте мүмкіндіктерін қарастыру ұсынылды.


Соңы 2-бетте

20 қараша 2022



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

Әр азаматтың дауысы маңызды!



ОБЛЫС ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» №826 Жарлығын іске асыру аясында Түркістан облысының әкімі Дархан Амангелдіұлы Сатыбалдының Шардара ауданының тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 11 қараша сағат 11.00-де Шардара қаласы, Иманов көшесі, н/з, «Шардара

армспорт» спорт клубының аумағында өтеді.

Сонымен қатар, облыс әкімінің жеке қабылдауы 2022 жылғы 11 қараша сағат 12.00-де Шардара қаласы, Иманов көшесі, н/з, «Шардара армспорт» спорт клубында өтеді.

Қабылдауға алдын-ала жазылу 8(72533) 5-98-99 байланыс телефоны және t.akimat@ontustik.gov.kz электронды пошта арқылы

2022 жылғы 10 қарашаға дейін сағат 9.00-ден 19.00 аралығында (түскі үзіліс сағат 13.00-15.00-ге дейін) жүргізіледі!

Тіксіз мекемелердің қатысуын қамтамасыз ету және кері байланыс орнату мақсатында өтініш берушінің аты-жөні, сұрақтың мәні, мекенжайы, байланыс телефоны және электронды пошта (бар болған жағдайда) нақты көрсетілуі қажет.

Елге елжанды басшы керек

«Әділетті Қазақстанды құру жолында түбегейлі және жан-жақты реформаларды табысты жүзеге асыру үшін халықтың жаңа сенім мандаты қажет. Мен үшін мемлекет мүддесі бәрінен биік. Сондықтан мен өкілеттік мерзімімді қысқартуға және кезектен тыс Президент сайлауына баруға дайынмын» деген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент отырысында биылғы күзде кезектен тыс Президент сайлауын өткізуді ұсынған еді.

Міне, енді сайлауға дайындық жұмыстары қызу басталып кетті. Президент болуға үміткерлер де нақтыланды. Саяси науқанға халықтың көзқарасы мен пікірі оң деп білемін. Себебі, елдің іргесін берік ұстап, өлем әлдерімен саяси тұрақтылықта болатын, ата-бабамыздан мұра болып қалған ұлан-байтақ жеріміз бен ана тілімізді, мәдениетімізді сақтап, келешек ұрпаққа жеткізетін лайықты басшының олғанын қалаймыз.

Халыққа, өң алдымен, тұрақтылық пен тыныштық керек. Президент тағына елдің жағдайын ойлайтын, қарапайым, халықтың қамын жейтін, елжанды азаматты сайлау қажет деп ойлаймын. «Ел ағасыз болмас, тон жағасыз болмас» дегендей, елдің билігін өз қолына алып, Тәуелсіздігімізді тұғырлы, берекемізді баянды етіп, «Жаңа өріс» өділетті Қазақстанды» құратын Президентті таңдасақ, алға қойған мақсатымызға жетеміз. Сон-



дықтан да бұл саяси науқанға ел боп, жұрт боп бір кісідей қатысып, өз таңдауымызды жасайық. Өйткені, бұл сайлауда өркімнің даусы маңызды!

Біржан САРЖАНОВ,
Түркістан облыстық «АСАР» мүгедектер қоғамы Созақ аудандық филиалының төрағасы, аудандық қоғамдық кеңестің мүшесі.

Баспасөз – 2023

«Оңтүстік» – сіздің серігіңіз, досыңыз!

Құрметті оқырман!

Міне, Барыс жылы да жылыстап артта қалып барады. Келесі 2023 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. Жүз жылдық тарихы бар байырғы басылым билік пен бұқара арасындағы дәнекер міндетін адал атқара келеді. Біз бұл жолдан таймаймыз.

Егер сіз рухани жағынан байып, кемелденгіңіз келсе, облыс жаңалықтарын күнделікті біліп отырғыңыз келсе, өлем жаңалықтарымен хабардар болғыңыз келсе, бөгелмеңіз, сүйікті «Оңтүстік Қазақстан» газетіне жазылыңыз.

«Оңтүстік Қазақстан» газетінің ізденімпаз ұжымы қашан да сіздердің талғам-таразыларыңыздан шығуға, рухани қызмет көрсетуге дайын.

Жазылу индексі: 65464

6 АЙ МЕРЗІМГЕ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ: «Қазпошта» АҚ арқылы

Түркістан облысы бойынша –

3339,20 теңге.

Шымкент қаласы бойынша –

3029,60 теңге.

«ERNUR-press» ЖШС арқылы

Түркістан облысы мен

Шымкент қаласы бойынша – 3402

теңге.

«Экспресс-пошта» ЖШС арқылы

Түркістан облысы мен

Шымкент қаласы бойынша –

2986,80 теңге.

Шымкент қаласы бойынша тікелей редакция арқылы жазылу бағасы – 2000 теңге.